

Для молодого и растущего организма просто необходимо соблюдать нормы правильного обучения, сохранения осанки, зрения и т.д. Это также касается школьников и студентов.

5. Оценивание как отметка личных достижений учащихся.

С изменением процесса современного обучения меняются и требования и оценка учащихся. Это связано с реализацией гуманистической парадигмы образования и личностно-ориентированного подхода к обучению. Для общества становится важным объективировать личные достижения каждого субъекта образовательного процесса: ученика (студента), учителя (преподавателя), семьи. Введение оценки личных достижений обеспечивает развитие следующих компонентов личности: мотивации саморазвития, формирования позитивных ориентиров в структуре Я-Концепции, развитие самооценки, волевой регуляции, ответственности.

Поэтому в стандартах в итоговую оценку ученика включается и накопленная оценка, характеризующая динамику индивидуальных образовательных достижений на протяжении всех лет обучения в школе. По суммированию баллов и накоплению их и происходит оценивание преподавателем студентов в ВУЗе, на текущий балл в сессии и на аттестат в целом.

В качестве оптимального способа организации накопительной системы оценки выступает портфолио. Это способ фиксирования, накопления и оценки работ, результатов учащегося, свидетельствующих о его усилиях, прогрессе и достижениях в различных областях за определенный период времени.

В заключение хочу отметить, что инновации в образовательном процессе важны и необходимы не только учащимся, но и в системе профессионального образования и профессионального развития для учителя и педагога высшей школы.:

- это последовательное введение в содержание образование культуры проектирования инновационных образовательных практик,
- это формирование психологической грамотности, шире — психологической культуры педагогического труда;
- это освоение норм и культуры управления развитием образования, деятельностью профессиональных педагогических коллективов.

Как показывают результаты международной программы исследования PISA и TIMSS показывают, что педагоги общеобразовательных школ Республики дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных, жизненных ситуациях, я считаю, что именно инновационные методы и подходы в обучении позволят решить эту проблему в образовании казахстанских школьников и студентов ВУЗов.

Кушмурзина Даметкен Хажмухановна
ҚМПИ, аға оқытушы, п.ғ.магистрі,
Қостанай қ.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІС: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада ЖОО-да болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда оқыту мен оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі талданып, олардың іске асырылуы баяндалады. Әдістемелік пәндерді оқыту үрдісінде қолданылған оқытудың тиімді әдістері мен оқытуды ұйымдастыру формаларынан мысалдар келтіріледі.

Түйінді сөздер: инновациялық технология, біліктілік, топтық жұмыс, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технология.

АННОТАЦИЯ

В данной статье дается анализ эффективности применения инновационных технологий в процессе преподавания и обучения в профессиональной подготовке в ВУЗе будущих учителей и излагается их реализация в учебном процессе. Приводятся примеры эффективных методов и форм организации обучения, применяемых в преподавании методических дисциплин.

Ключевые слова: инновационная технология, квалификация, групповая работа, диалогическое обучение, критическое мышление, информационная технология.

ABSTRACT

This article shows an analysis of the effectiveness of use of innovation technologies in the process of teaching and learning in the training of future teachers at the university and describes its implementation in the educational process. There are also examples of the effective methods and forms of the learning organization, which are used in the teaching of the methodological disciplines.

Keywords: innovative technology, qualification, group work, dialogic educating, critical thinking, information technology.

Қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде еруге батыл қадамдар жасалында. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Себебі, білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі – мұғалім. Сондықтан қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. К.Д.Ушинский «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» - деп айтқандай педагог үнемі тынымсыз еңбектену керек. [1, 75 б].

Білім беру деңгейіндегі озық инновациялық технологияларды пайдаланудың мақсаты – үйрете жүріп, үйрену. Себебі, мұғалім – ол пәннің оқытушысы, әрі тәрбиешісі. Сондықтан да осы жоғарыда айтылған міндеттерді оған білу өте қажет. Бүгінгі күн мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыра білу, сол арқылы әр тақырыпты олардың санасына жеткізе түсу және де оқыту, үйрету, белгілі бір дағды қалыптастыру.

Осы жағдайда заман талабына сай педагог оқушыны қалай және неге оқыту керек? Ендеше осы заман талабына сәйкес келу үшін «не істедім, қандай әрекеттерді жүзеге асырдым және қандай нәтижеге жеттім» деген сұрақтардың туындауы заңды нәрсе. Бұл мәселені шешуде ең алдымен болашақ мұғалімнің кәсіби дамуына баса көңіл аудару қажеттілігі аса маңызды болып отыр. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Мектеп керектері» атты мақаласында «... Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» деген екен [1, 53 б].

Міне, осы аталған маңызды мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, ҚР білімді дамытудың 2015 жылға дейін Концепциясы 2004 ж., ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР «Білім» бағдарламасында, мемлекеттік саясаттың басты принциптері ретінде болашақ маманның шығармашылық әлеуетін дамыту, білім берудің дамытушы сипатын арттыру мәселелерінде басты міндеттер қатарында қойылған [2, 3, 4, 5].

Заман талабына сай педагог қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттырудың әдіс-тәсілдері де өзгеруде. Бүгінгі күні білім саласында болып жатқан құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасыр мұғалімін дайындау міндетімен байланысты. Бүгінгі күннің мұғалімі ол – ізденуші-мұғалім. Жоғарыда айтылғандарға орай, педагогикалық жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың мұғалім-шебер дайындығын қарқындыландыруды, мұғалімнің жеке тұлғасының үздіксіз кәсіби-әдістемелік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруді іске асыруды қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр.

Осы тұрғыдан, Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғарғы оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту бағдарламасының берері көп. Бағдарламаның мақсаты үшінші деңгей бағдарламасының негізгі идеяларымен және оқыту тәсілдерімен таныстыру болып табылады. Бұл курс бағдарламасы оқыту мен оқу үрдісіндегі қолданылатын түрлі стратегиялар мен тәсілдерді қарастыратын 7 модульге сараланған. Жеті модульге негіз болған идеялар үш негізгі тарауға бөлінеді: ойлау жолдары, әдістер мен тәсілдер, жұмыс құралдары (ҚР ПҚБАК Бағдарламасы екінші деңгей, үшінші басылым, 23 бет). Бұл білім беру жүйесін жандандыру бағытындағы оң істердің бірі екені анық. Осы курс барысында мемлекетіміздің ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамымен бірге тәжірибе алмаса отырып, өз біліктілігімді көтеруге мүмкіндік алдым. Маған *Кембридж университетінің ғалымдары әзірлеген бірлескен топтық жұмысы, сонымен қатар, біздің ойлау әрекетімізді және өздігінен білім алуымызды жетілдіретін ашық сұрақтар қолдану мен шығармашылық тапсырмалар орындату жүйесі ұнады.*

Кембридждік оқыту әдіс-тәсілдері мақсаттарының бірі – студентті оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру болып табылады.

Бірінші «бетпе-бет» кездесуде Кембридж университеті мамандарының көрсеткен, үйреткен тәсілдерін, ұстанымдарын институтта өз іс-тәжірибемде кеңінен қолданып келемін. Онда жоспарлап өткізген әр сабағым барысында бұл бағдарламада ұсынылған стратегиялар мен тәсілдер студенттердің болашақ маман ретінде әдістемелік жағынан шындалуларына пайдалы және өте тиімді екендігіне көзім жетті. Студенттер тарапынан да мұндай сабақтардан алған әсерлерінің зор екенін де байқадым. Олар әрбір қолданылған әдіс-тәсілдерді қызығушылықпен орындап, бір-бірімен пікірталастарға түсіп, ортақ шешім таба білді. Бұл өз кезегінде болашақ маманның ой-өрісін жетілдіріп, сыни тұрғыдан ойлауларын және сөйлеу шеберліктерін дамытады, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе отырып, өзінің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік алады деп айтуға болады. Себебі, дәріс және семинар сабақтарында студенттер үшін оқу материалдарын жаңа тұрғыда құрып, ұйымдастырылып өткізілуін қамтамасыз етуде ақпараттық-компьютерлік технологиялары – PowerPoint презентациялары, интерактивті бағдарламалары, Ғаламтор-ресурстары (видеоматериалдар, электрондық оқулықтар, ғылыми мақалалар); жаңа инновациялық технологиялары мен оқыту әдістері – топтық жұмыс әдісі, диалогтік оқыту әдісі, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, іс-әрекеттегі зерттеу әдісі, бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдері қолданылуда.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісімен қоса орта білім беру жүйесіндегі әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістері арасында кең тарағаны – топтық жұмыс. Студенттер жұпта немесе топта жұмыс жасағанда «оқытушы-студент» сұхбаты түріндегі өзара қарым-қатынасқа қарағанда, «студент- студент» қатынасына түсе отырып, негізгі бір тұжырымдар мен дәлелдемелерді талдап әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болды. Топтық жұмыс студенттердің арасында өзара ынтымақтастық атмосферасын құруға зор мүмкіндіктер туғызды.

Жалпы сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы зор. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру мен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Выготскийдің білім беру моделі оқушының диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдаған, демек оқушылардың көбірек білетін сыныптастары мен мұғалімдермен жүргізілген диалог болған жағдайда ғана, білім беру жеңіл болады. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болғанымен, жақын арада

даму аймағы аясында қарастырылғандықтан білім беру табысты болмақ, деп көрсетті. (МАН, 38-бет) [6, 35 б].

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері келешекте бастауыш сынып оқушыларымен қарым-қатынасқа түсіп, оларды оқытып, білім беруде ең алдымен ауызекі сөйлеу тілдері дамыған, әрі оқушымен диалогке түсе білулері қажет. Баланың сөйлеу тіліне көп көңіл бөлу және баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің бірден-бір тиімді тәсілі осы диалогтік оқыту әдісі деп ойлаймын.

Студенттер диалогтік оқыту барысында сыни тұрғыда ойлауға үйренеді, түрлі жағдайлар мен сәйкес ақпараттарды талдау негізінде қиын мәселелерді шешеді, пікірталастарға түседі, басқа адамдармен қарым-қатынаста болады. Сабақтарымда жұптық жұмыс ретінде алынған диалог топ ішіндегі студенттердің арасында өтіп, оны топ ішінде талқылап отыру студенттің ойын кеңейтіп, тілін дамытуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сыни тұрғыда еркін ойлау қабілетін кеңейте отырып, еркін сөйлеуге ықпал етті. Бұл пікірлердің шындыққа жанасып жатқандығын менің тәжірибемде көзім жетті. *Мысалы:*

Студенттерді топқа бөлу үшін «Аралас, жұптас, қозғалма, ой бөліс» әдісін қолдандым. Онда студенттер сыртқы және ішкі шеңберге тұрып, бір-бірімен диалог арқылы өткен материалды еске түсіріп, өз түсініктерімен алмасты. Мұнда олар білімдерін толықтыра алды. Диалог арқылы әңгіме-сұхбат жүрді. Онда оқытушы ретінде кім не түсінгенін, оны қалай баяндағанын байқап, бағалауға мүмкіндік алдым. Студенттер өткен материалды жан-жақты, бірінің білмегенін бірі толықтырып, ой бөлісті. Бұл әдіс әсіресе студенттердің сөйлеу әрекеттерін, өткен материалды еске түсіріп, оны басқаға жеткізе білу шеберліктерін ұштастыруға өте маңызды әдіс болып табылады.

Тәжірибелік сабақтарда студенттерге «Тағы басқаша қалай айтуға болады, ойлан», «Кім толықтырады?» немесе тіпті кейде «Тағы да бір-біріңізбен пікірлесіңіздер, ойларыңызды толықтырыңыздар, жүйеленіңіздер, жинақтаңыздар» деп, өзара пікірталасуға, әңгімелесуге тартып отырамын. Нәтижесінде алғашқы берген жауаптарына қарағанда анағұрлым маңызды, мазмұнды жауап беруге дағдыланып, бір-бірінің ойларын тыңдап, әркім өзінің ойын толықтыруға мүмкіндік ала білді. Мұндай әдіс олардың болашақта ойларын жүйелі, бірізділікте білдіре білуге машықтандырады.

Оқыту – бұл жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол студенттердің қабілеттері мен дағдыларын жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Қабілеттер мен дағдылар оқу үрдісінде белгілі бір дәлелдерді талқылап, қарастыруды қажет ететін сын тұрғысынан ойлауға негізделген тапсырмаларды орындау барысында көрініс табады. Сын тұрғысынан ойлау қабілеттер мен құндылықтарды және түрлі әрекеттер сияқты әр түрлі өлшемдерді қамтиды. Сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік және жеке ойлау. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау болып табылады. Сонымен, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады [7, 12 б; 6, 45 б].

Сабақтарымда студенттердің сыни ойлауларын дамыту мақсатында «Аралас, жұптас, қозғалма, ой бөліс», «Ой шақыру», «Миға шабуыл», «Венн диаграммасы», «Кластер», «Бес жол өлең» және т.б. стратегияларын қолданамын. Студенттердің топта өзін-өзі немесе бір-бірін және топтардың өзара бірін-бірі сыни тұрғыдан бағалауы кезінде «Екі жұлдыз, бір тілек», «Стикердегі диалог», «Білемін. Білдім. Білгім келеді» әдістері арқылы сабақ нәтижесі шығарылып отырылады.

Студенттердің тез ойлап, тез ой алмасулары үшін «Ой шақыру» әдісі жиі қолданылады. Онда студенттер белгілі бір мәселенің шешімін табуда өздерінің бар білімдерін еске түсіріп, теориялық материалда берілген ұғымды бір-бірімен пікірлесе отырып, талқылай алады. Студенттер өздерінің сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеулерін дамытуға лайықталған «Бес жол өлең» әдісін қызығушылықпен орындайды. «Кластер» әдісі сабақта бір-бірінің пікірлерін жинақтап, жүйелеп, нақты тұжырымдар жасауда сыни тұрғыда пікірлесулерін қалыптастыратын топтық және диалогтік оқыту әдісі ретінде орындалады.

Ал топтық жұмыстар арқылы бірнеше студенттер өзара диалогке түседі. Диалогке түсуде әркім сыни ойлайды, бір-бірінің жауабын сыни көзбен қарауға үйренеді.

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы студент не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады.

Ойлау процесі жазу кезінде көрінеді, себебі жазып жатқан адам әр кезде белсенді. Ол әр уақытта өзіндік ойлайды да, өзінде бар білімнің барлығын қолдана алады. Ол өзінің айтқандарын нақтылай түсу үшін дұрыс дәлелдер келтіре біледі. Міне, осыны негізге ала отырып, туындаған ойларын, өз көзқарастарын жазып отырулары талап етіледі. Онда студенттер не көріп, не түсінгендіктерін жазып отырады. Бұл өз кезегінде студенттердің сын тұрғысынан ойлауларын дамытуды көздейді. Бір жағынан студенттердің ойларын тек ауызша баяндап қоймай, жазу әрекеттерін де дамытуға маңызы зор. Бұдан оқытушы ретінде қай студенттің жазбаша сөйлеулері қаншалықты дамығанын және жалпы сауаттылықтары қандай деңгейде екендіктерін анықтауға мүмкіндік туады.

Сонымен, ойлау мен білім алуды байланыстыра бағыттайтын оқыту технологиясы – сын тұрғысынан ойлауды дамыту екендігіне көзім жетті. Өйткені, белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау студентті білім алуға бағыттайтын білімнің биік белестеріне көтерілуіне жол ашады. Бұл тұжырымдама осы СТО технологиясының кез-келген стратегияларынан көрінеді. Студенттерге әрі қарай ойын, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге ынталандырады.

Сонымен қатар «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалану» арқылы оқыту, әрбір білімалушының бойына жеке тұлғалық сезімдерді қалыптастырады. Өйткені білімалушы оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалана отырып, тек сабақта берген білім деңгейінде ғана қалып қоймай, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана алатын, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне айналады. Оқыту мен оқуда АКТ-ны қолдануға негізделген түрлі тапсырмалар орындату арқылы студенттерді білім беру жүйесінде АКТ-ды қолдану әдісімен таныстырылды. Ақпараттық технология. Сандық технологиялар дегеніміз не? Оларға не жатады?» тақырыбында ой-қозғау әдісі қолданылды.

Сабақ соңында сабақ барысын қорытындылау, студенттердің алған білімдерін бекіту, яғни кері байланыс орнату мақсатында «- Мен жаңаша нені білдім? - Менің білімім қалай өзгерді? - Мен осы біліммен не істей аламын?» деген түрлі сұрақтар бойынша рефлексия жүргізіліп, студенттердің өзіндік ой-пікірлері тыңдалып, талданады.

Еліміздегі ЖОО профессор-оқытушылар құрамының аталмыш жобаға тартылуы, бүгінгі күні педагог кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруді қажет ететін кезде уақытылы деп есептеймін. Жоғарғы оқу орнының оқытушысы ретінде, аталмыш курс біздерге алған білімдеріміз бен оқытудағы әдіс-тәсілдерімізді өз тәжірибемізде кеңінен қолдануға мүмкіндік беріп, нәтижесінде қалай оқыту мен оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, бастамашыл, өзіне міндет ала білетін және жауапкершілікті түсінетін, сын тұрғысынан ойлана алатын болашақ педагог мамандарды даярлап шығатынымызға сенімдімін.

Сонымен, болашақ мұғалімдерді білікті маман етіп даярлауда аянбай еңбек ету біздің еншімізде екенін естен шығармау қажет...

Әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы: Алматы: «Заң әдебиеті», 2007. – 413 бет.

2. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 28 ақпан 2007ж.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 23.06.2009.

4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз N 254-256.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН.

6. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

7. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

Күмісбекова Жазира Науатбекқызы
ТарМПИ., аға оқытушы.
Тараз қ-сы.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Ақпараттық коммуникативті технологияларды сабақта пайдаланудың артықшылығы студенттердің интеллектуалды ойын дамытуға, кез-келген технологияларды тиімді пайдалана алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алынған мәліметтер бойынша болжам жасауға, жүйелеуге мүмкіндігін тигізеді. Қазір компьютерлендірілген гасыр болғандықтан дәріс сабағында да, семинар сабақтарында да АКТ-ні тиімді пайдаланса студенттердің ізденімпаздығы, сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі.

Түйінді сөздер: креативті, құзыретті, флипчарт, бейнесұрақ.

АННОТАЦИЯ

Преимущества использования информационно-коммуникативных технологий на уроках оказывают эффективное воздействие на развитие интеллектуального мышления студентов, применяя различные технологии, также они воздействуют на развитие творческих способностей, на прогнозирование полученных сведений, на систематизацию знаний. Поскольку сейчас век компьютеризации, эффективное использование ИКТ на лекционных, семинарских занятиях возрастает интерес к уроку, повышается поиск у студентов.

Ключевые слова: креативный, компетентный, флипчарт, видео вопрос

ABSTRACT

The advantages of usage some information-communicative technologies in classes have got the effective influence on development of students intellectual thinking using different technologies, also they have got an influence on development of some art abilities, on seeing some received information, on systematization of knowledge. We have got a century of computerization, the effective usage some ICT on lectures, seminars rises the interest on a lesson, it is risen the searching at students.

Keywords: creative, competent, flipchart, video-question

«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кез-келген сабақта пайдаланудың маңызы өте зор. Студенттердің өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың мамандық бойынша білім алуымен қатар ізденімпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары дамыған, өз ойын, пікірін ашық білдіретін, жаңашыл, креативті, заман талабына сай мұғалім етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды, болашақ мұғалімдерді жаңашылдыққа, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін кез-келген сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) құзыреттілігін арттырып, тиімді пайдалану маңызды болмақ.